

## БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІҢ ЖАҢА ТЕТІГІ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ. ОСЫ БАҒЫТТА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ 2024 – 2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ АЗАМАТТАРҒА БАҒЫТТАЛҒАН СЕРВИСТІК МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЕРЕКШЕ КӨНІЛ БӨЛІНУДЕ.**

Қазіргі әлемдік практикада мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағида-дәстүрлеріне негізделген моделі айтарлықтай белсенді дамуда.

Мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағида-дәстүрлеріне негізделген моделінің негізінде бір жағынан, ел азаматтарының, екінші жағынан, мемлекеттік қызметтің өзара міндеттемелерін бекітетін нормалар қамтылады.

Осыған байланысты агенттікпен мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жетілдіру, азаматтардың құқықтарын қорғау және олардың өтініштерін жедел қарау мақсатында бірқатар нақты шаралар жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар адамға бағдарланған сервистік аппарат қалыптастыру, мемлекеттік қызметкерлердің ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз ету және саланы цифрландыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет көрсету саласында цифрлық технологиялардың рөлі айрықша артып келеді. Азаматтардың уақытын үнемдеу, мемлекеттік органдармен байланыс орнатуды жеңілдету және қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында түрлі онлайн платформалар іске қосылуда. Солардың бірі – Telegram мессенджеріндегі «EgovKzBot2.0» бот-платформасы.

Аталған цифрлық сервис азаматтарға мемлекеттік қызметтерді алу барысында туындайтын мәселелер бойынша уәкілетті органдармен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бот арқылы қызмет алушылар мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты өз ұсыныстары мен пікірлерін білдіріп, туындаған проблемаларды жедел жеткізе алады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жетілдіруге және ашықтықты қамтамасыз етуге ықпал етеді. «EgovKzBot2.0» платформасының тағы бір маңызды ерекшелігі – оның қолжетімділігі. Азаматтар кез келген уақытта Telegram арқылы тиісті мемлекеттік органға өтініш немесе шағым жолдай алады. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында кездесетін кедергілерді жедел анықтап, оларды шешуге мүмкіндік туады.

Агенттіктің Маңғыстау облысы бойынша департаменті тарапынан да аталған бот арқылы азаматтармен тұрақты кері байланыс орнату жұмыстары жүргізілуде. 2025 жылдың қорытындысы бойынша 71 қызмет алушымен

байланыс орнатылып, олардың өтініштері қаралды. Оның ішінде орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің қызметіне қатысты 66 өтініш, ал жергілікті атқарушы органдардың қызметіне байланысты 5 өтініш қаралған. Нәтижесінде 9 азаматтың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Түскен шағымдардың басым бөлігі әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, құқық қорғау және өзге де салалардағы мемлекеттік қызметтерге қатысты болған. Сонымен қатар кейбір жағдайларда қызмет көрсету барысында кездесетін техникалық ақаулар мен рәсімдеу тәртібіне байланысты мәселелер де анықталды.

Азаматтардың өтініштері негізінде департамент қызметкерлері тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп жұмыс жүргізіп, туындаған мәселелердің шешілуіне ықпал етті. Мәселен, тұрғын үйге қатысты құжаттарды рәсімдеу, әлеуметтік төлемдер алу немесе мемлекеттік қызметтер бойынша ақпараттық жүйелердегі сәйкессіздіктерге байланысты түскен өтініштер қаралып, азаматтарға тиісті түсіндірмелер берілді.

Солардың бірі азамат Е тұрғылықты пәтерінің техникалық жоспарын өзгерту үшін «...техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізу жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын сәйкестендіру...» мемлекеттік қызметінің қызметі бойынша мемлекеттік қызметті ұсынушы мекемеге жүгінгендігін, алайда көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесінде берілген құжаттарының қате рәсімделгендігі жөнінде бот арқылы өтініш жолдады.

Аталған өтініш негізінде департамент қызметкерлерінің араласуымен азамат Е-нің пәтерінің техникалық құжаттарының дұрыс нұсқасы ұсынылды.

Жалпы алғанда, «EgovKzBot2.0» платформасы – мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы ашықтық пен тиімділікті арттыруға бағытталған маңызды құрал. Бұл жүйе азаматтардың құқықтарын қорғауға, олардың мәселелерін жедел шешуге және мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында мұндай платформалардың маңызы арта түсері анық. Себебі олар мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін халыққа барынша жақындатып, тиімді әрі қолжетімді етуге жол ашады.

Егер мемлекеттік қызмет алу барысында қандай да бір қиындықтар туындаса немесе заңбұзушылықтарға тап болсаңыз, EgovKzBot2.0 Telegram-боты арқылы немесе Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментіне жүгінуге болады.

Азаматтардың құқықтарын қорғау және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

**Токтамыс ЖУМАҒҰЛОВ,**

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

## ЭКОЛОГ – БҮГІННІҢ ДЕ, БОЛАШАҚТЫҢ ДА МАМАНДЫҒЫ

**ӘЛЕМ БҰРЫН-СОҢДЫ БОЛМАҒАН ҚАРҚЫНМЕН ӨЗГЕРІП ЖАТЫР. ТЕХНОЛОГИЯЛАР ДАМЫП, ҚАЛАЛАР ҰЛҒАЙЫП, ӨНДІРІС КӨЛЕМІ АРТЫП КЕЛЕДІ. СОҒАН СӘЙКЕС ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ДЕҢГЕЙІ ДЕ КҮРТ ӨСТІ. ОСЫНДАЙ ЖАҒДАЙДА АДАМ-ЗАТТЫ ТОЛҒАНДЫРАТЫН БАСТЫ СҰРАҚТАРДЫҢ БІРІ – БІЗ ӨМІР СҮРІП ОТЫРҒАН ПЛАНЕТАНЫ ҚАЛАЙ САҚТАП ҚАЛАМЫЗ? БҰЛ СҰРАҚТЫҢ ЖАУАБЫ КӨП ЖАҒДАЙДА ЭКОЛОГ МАМАНДАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ. БҮГІНДЕ ЭКОЛОГ ТЕК ТАБИҒАТТЫ ЗЕРТТЕУШІ ҒАНА ЕМЕС, ОЛ – АДАМЗАТТЫҢ ДАМУЫ МЕН ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ АРАСЫНДАҒЫ ТЕПЕ-ТЕНДІКТІ САҚТАУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН МАҢЫЗДЫ КӘСІБИ МАМАН.**

Бұрын экологиялық мәселелер көбіне ғалымдардың ғана назарында болатын. Ал қазіргі таңда табиғатқа келтірілген зияндықтардың баршаға айқын байқалады. Өзендер мен мұхиттардың ластануы, ормандардың азаюы, қалдықтардың көбеюі және жаһандық жылыну – бүгінгі күннің өзекті мәселелері. Осындай күрделі жағдайда экологтар табиғи процестерді зерттеп, олардың себептерін анықтап, қоршаған ортаға келетін зиянды азайтудың жолдарын ұсынады.

Қазіргі кезде ірі жобалардың барлығы дерлік экологиялық сараптамасыз жүзеге аспайды. Зауыт салу, жол немесе энергетикалық нысандарды тұрғызу барысында экологтар табиғатқа келетін ықтимал зиянды алдын ала бағалайды. Олардың басты мақсаты – экономикалық даму мен табиғатты қорғау арасындағы үйлесімділікті сақтау.

Эколог мамандығының маңызы климаттың өзгеруімен байланысты арта түсті. Жер шарының температурасының көтерілуі мұздықтардың еруіне, теңіз деңгейінің өсуіне және климаттың өзгерістерге алып келуде. Экологтар мен климатологтар осы процестерді зерттеп, олардың салдарын азайту жолдарын ұсынады. Бұл зерттеулер мемлекеттердің

экологиялық саясатын дұрыс қалыптастыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар экологтардың маңызды міндеттерінің бірі – биологиялық алуантүрлілікті сақтау. Көптеген жануарлар мен өсімдіктер түрлері жойылу қаупінде тұр. Бұған табиғи ортаның бұзылуы мен ластану себеп болып отыр. Экологтар сирек түрлерді қорғау бағдарламаларын жасап, қорықтар мен ұлттық парктардың дамуына үлес қосады.

Экологтар тек ғылыммен айналысып қана қоймай, қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыруда да маңызды рөл атқарады. Білім беру мекемелерінде экологиялық білімге ерекше көңіл бөлінуде. Әртүрлі экологиялық акциялар мен қоғамдық бастамалар адамдардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта көптеген кәсіпорындар тұрақты даму қағида-дәстүрлерін қолданады. Олар зиянды шығарындыларды азайтуға, қалдықтарды қайта өңдеуге және жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға ұмтылуда. Бұл үдерісте экологтардың рөлі ерекше, өйткені олар экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізуге көмектеседі.

Жалпы алғанда, «жасыл экономика» бағытының дамуы эколог мамандығына жаңа мүмкіндіктер ашады. Экологиялық менеджмент, аудит, тәуекелдерді басқару және жаңартылатын энергетика салалары – осының дәлелі. Сондықтан бұл мамандықтың болашақта да сұранысқа ие болатыны сөзсіз.

Эколог болу үшін терең біліммен қатар жауапкершілік, табиғатқа жанашырлық және аналитикалық ойлау қабілеті қажет. Бұл мамандар далалық зерттеулер жүргізіп қана қоймай, заманауи технологияларды да қолданады.

Қорытындылай келе, эколог мамандығы – тек қызмет емес, ол белгілі бір миссия. Олар табиғатты қорғап, адамзаттың болашағын сақтауға үлес қосады. Табиғатты сақтау – жерді сақтау деген сөз. Сондықтан бүгінгі экологтар – ертеңгі тұрақты әрі қауіпсіз әлемнің негізін қалаушылар.

**Ербол ПАНҒАЛИЕВ,**

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің экология және тіршілік қауіпсіздігі кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ

Қазіргі жаһандану дәуірінде ақпараттық технологиялар қарқынды дамып, адам өмірінің барлық саласына терең енуде. Соның ішінде білім беру жүйесі де бұл өзгерістерден тыс қалған жоқ. Соңғы жылдары жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында кеңінен қолданылып, оқыту процесін жаңа деңгейге көтеруде. Алайда бұл үрдістің тиімділігімен қатар, бірқатар күрделі мәселелері де бар. Сондықтан «жасанды интеллектті білім беруде қолдану қаншалықты дұрыс?» деген сұрақ өзекті болып отыр.

Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы ең маңызды артықшылықтарының бірі – оқытуды жекедендіру мүмкіндігі. Дәстүрлі оқыту жүйесінде барлық студенттер бірдей бағдарлама бойынша білім алады, ал олардың жеке қабілеттері мен қажеттіліктері әртүрлі болады. Ал жасанды интеллект көмегімен әрбір білім алушының деңгейі, оқу қарқыны және қызығушылығы ескеріліп, жеке оқу траекториясы құрылады. Бұл білім сапасын арттырып, студенттердің оқу мотивациясын күшейтеді.

Тағы бір маңызды артықшылығы – білімнің қолжетімділігін арттыру. Жасанды интеллект негізінде құрылған онлайн платформалар мен білім беру жүйелері арқылы кез келген адам әлемнің кез келген жерінен сапалы білім ала алады. Бұл әсіресе шалғай аймақтарда тұратын немесе дәстүрлі білім алуға мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін өте маңызды. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі жандар үшін арнайы технологиялар (дыбыстық көмек, автоматты аударма, мәтінді оқу жүйелері) арқылы білім алу жеңілдей түседі.

Алайда жасанды интеллекттің білім беру саласына енгізудің кемшіліктері де жоқ емес. Ең басты мәселе – адам факторының әлсіреуі. Білім беру тек ақпарат беру ғана емес, сонымен қатар тәрбиелік, әлеуметтік және психологиялық үдеріс. Мұғалім мен студент арасындағы қарым-қатынас тұлғаның қалыптасуына үлкен әсер етеді. Ал ЖИ-ге шамадан тыс тәуелділік бұл байланысты әлсіретіп, білім берудің сапасына кері әсер етуі мүмкін.

Тағы бір өзекті мәселе – цифрлық теңсіздік. Барлық студенттердің заманауи технологияларға қол жеткізу мүмкіндігі бірдей емес. Кейбір аймақтарда интернеттің әлсіздігі немесе техникалық құралдардың жетіспеушілігі білім сапасына кері әсер етеді. Бұл жағдай білім алушылар арасында теңсіздік тудыруы мүмкін.

Жасанды интеллекттің білім беру саласында қолдану – заман талабы және қажетті процесс. Оның артықшылықтары өте көп және білім сапасын арттыруға үлкен мүмкіндік береді. Алайда оны дұрыс және тиімді пайдалану маңызды. Жасанды интеллект ешқашан мұғалімді толық алмастыра алмайды, ол тек көмекші құрал ретінде қолданылуы тиіс. Ең тиімді жол – технология мен адам факторын үйлестіру. Осындай жағдайда ғана жасанды интеллект білім беру жүйесінің дамуына оң әсер етіп, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.

**Нүргүл ЖАНАЛИЕВА,**

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің экология және тіршілік қауіпсіздігі кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

### МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Маңғыстау облыстық мәслихаттың әлеуметтік мәселелер мен заңдылық және құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **2026 жылдың 30 сәуір күні сағат 15:00-де «Ауыл спортының инфрақұрылымдардың тиімділігін арттыру және олардың барлық тұрғындарға қолжетімділігі, ұлттық спорт түрлерінің даму барысы»** тақырыбында көпшілік тыңдау өтетіні туралы хабарлайды.

Отырыстың өтетін жері: 34-шағынаудан, Достық үйі.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«СИТИК – Водная экология (Ақтау)» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2026 жылғы 4 мамырда сағат 15:00-де Маңғыстау облысы, Тұлқараған ауданы, Таушық ауылы, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша «Қаражанбас кен орнында қосымша ультра сүзгілеу және кері осмос цехын салумен қабат суын тұшыту зауытын жаңғырту» жұмыс жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетіні хабарлайды.

**Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады** <https://ndbecology.gov.kz/> «жарияланған Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде, сондай-ақ **ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында:** «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» MM: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru>.

Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына (ҚР, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 14-шағынаудан, 1-ғимарат) жіберуге болады: **s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com**

Сонымен қатар ZOOM платформасында онлайн режимінде келесі сілтеме арқылы қосылу мүмкіндігі болады: <https://us05web.zoom.us/j/84303416563?pwd=0LFbZlB7rt6VuPL0BjBqZ0BF7oSF.1>

**Конференция идентификаторы:** 843 0341 6563 **кіру коды:** KsP410 **Бастамашы, жоспарланған қызметті тапсырыс беруші:** «СИТИК – Водная экология (Ақтау)» ЖШС, БСН: 170940027255, телефон: +7 708 999 0911.

**Жобаны әзірлеуші:** «Мұнай және газ жобалау институты» ЖШС, Ақтау қаласы, 14-шағынаудан, 61/1, тел.: +7 777 057 76 66, эл. мекенжайы: ping.kz@mail.ru.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады. Мекенжайы және телефон нөмірі: ping.kz@mail.ru, +7 777 057 76 66.

Ақтау қаласы, өндірістік аймақ – 1, 38-ғимаратта орналасқан **«АЭЖБ» МКК** табиғи монополия субъектісінің электр энергиясын тарату қызметі бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы тарифтік сметаны және инвестициялық бағдарламаны орындау барысы туралы есеп беруі **27.04.2026 ж. сағат 15.00-де** өтетінін қаперіңізге береді.

**К.О.Тасмаганбетова** атына 04.07.2022 ж. берілген №1512 сату-сатып алу шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.